

Сымсыз қуаттау құрылғысы


Type C Xiaomi Mi 20W Wireless Charging Stand Black

Пайдаланушы нұсқаулығы

Құрылғыны қолданудың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтамалық түрінде сақтаңыз.

Құралға шолу

Mi 20 Вт сымсыз қуаттау станциясы жылдам сымсыз қуаттауды қамтамасыз ететін және құрылғының көлденең және тік орналасуын қолдайтын әмбебап қуаттау құрылғысы болып табылады. USB-C портын USB кабеліне қосу арқылы сіз құрылғыларды кез-келген жерде және кез-келген уақытта станцияның бетіне қою арқылы сымсыз қуаттай аласыз.




Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- Бұл қуаттау станциясын қуат көзіне қосу үшін түпнұсқалық қуаттау құрылғысын және жеткізу жиынтығынан алынған USB кабелін пайдаланыңыз. Қосылғаннан кейін жарықдиодты индикатор үш рет жасыл түспен жыпылықтайды, содан кейін қуаттау станциясында құрылғыларды сымсыз қуаттауға болады.
 - 5 В / 1 А адаптерлері қолданбайды.
 - 5 В/2 А адаптерлері 5 Вт сымсыз қуаттауды қолдайды.
 - QC2.0/QC3.0 (18 Вт және жоғары) адаптерлері 10 Вт сымсыз қуаттауды қолдайды.*
 - В класының QC3.0 (27 Вт және жоғары) адаптерлері 20 Вт сымсыз жылдам қуаттауды қолдайды.*

* Ұялы телефон 20 Вт қуатымен жылдам қуаттауды қолдауы керек.

- Қуаттауды автоматты түрде бастау үшін Qi үйлесімді құрылғыны Mi сымсыз қуаттау станциясының ортасына орналастырыңыз. Егер қуаттау станциясы жұмыс күйінде болса, жарықдиодты индикатор жасыл түспен жанады.
- Сымсыз қуаттау кезінде телефонды сымсыз қуаттау станциясының ортасына қойыңыз. Егер телефон бірден қуаттауды бастамаса, қуаттау белгішесі пайда болғанша оны жылжытыңыз (құрылғының дұрыс орналасуы төмендегі суретте көрсетілген).



- Егер жарықдиодты индикатор жасыл түспен жыпылықтаса, бұл Mi сымсыз қуаттау станциясы қатені анықтап, қорғаныс шаралары қолданылғанын білдіреді. Қуаттау станциясында қайсыбір металл заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер бар болса, оларды алып тастаңыз және қуаттау станциясы қуаттау процесін қайта бастағанын тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Сымсыз қуаттау станциясы электр қуаты, деректер беру, дауыс беру немесе мультимедиялық трафик кабельдеріне бір уақытта жылдам қосылуға қызмет етеді.

Сақтық шаралары

- Егер қуаттау станциясы қорғаныс тысқабы кигізілген құрылғыны сымсыз қуаттау үшін пайдаланылса, онда бұл тысқапта металл компоненттердің жоқтығына және оның қалыңдығы 4 мм-ден аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Қуаттау станциясын қысымға немесе соққыларға ұшыратпаңыз.
- Қуаттау станциясын бөлшектемеңіз және түрлендірмеңіз.
- Қуаттау станциясын оттан алыс ұстаңыз және оны суға батырмаңыз.
- Оның электр тізбегіне зақым келтірмеу үшін қуаттау станциясын өте ыстық, дымқыл немесе коррозиялық ортада пайдаланбаңыз.
- Магнит жолағы немесе чипі бар карталарды (мысалы, жеке куәліктер және банк карталары) қуаттау станциясының жанына қоймаңыз, себебі бұл оларды зақымдауы мүмкін.
- Медициналық құрылғылардың жұмысында ықтимал кедергілерді болдырмау үшін имплантацияланған медициналық құрылғылар (жүрекширатқыштар мен кохлеарлық импланттар) мен сымсыз қуаттау станциясының арасындағы арақашықтық кемінде 20 см болуы тиіс.
- Қуаттау станциясы – бұл ойыншық емес. Оны балалардан алшақ ұстаңыз.
- Оңтайлы қуаттау үшін бұйымды жоғары температурадағы немесе жылу жеткіліксіз таратылатын жерлерде пайдаланбаңыз (мысалы, көрпе астында, тінтуірге арналған төсеніште).

CE

Өндіруші осы арқылы жабдықтың барлық қолданылатын директивалар мен еуропалық нормалардың, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың талаптарына сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні келесі мекенжай бойынша қолжетімді:

<http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html>

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болса монтаждауды және тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы ҚР қолданыстағы заңнамасына сай өткізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі өтіп кеткеннен кейін, оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату үшін тапсырылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстардың сақтап қалуға септігіңізді тигізесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының жарамсыздықтарын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Техникалық сипаттамалар

Атауы: Mi 20 Вт сымсыз қуаттау станциясы.
Үлгісі: WPC02ZM.
Кіру порты: USB-C.
Кіру: 5 В=2 А, 9 В=1,6 А, 12–16 В=1,7 А Макс.
Сымсыз қуаты: 20 Вт Макс.
Беру арақашықтығы: 4 мм дейін.
Жұмыс жиілік ауқымы: 110–148 кГц (<35 dBuA/м @ 10 м).
Жұмыс температурасы: 0 °C-ден 35 °C дейін.
Өлшемдері: 109,7 × 91 × 91 мм.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзыми Корпорэйшн.
A913 каб., Чэнцзян тас жолы №159, Цзяньинь қ., Цзянсу қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «ЭКСПОТЕСТ» ЖШҚ, 214000, Ресей, Смоленск облысы, Смоленск қ., Маршал Жуков көшесі, 9-үй, 4-кеңсе.
Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «Эра» ЖШҚ, 127349, Ресей, Мәскеу қ., Шенкурский өткелі, 3Б үй, 101-кеңсе.

СБ МІ.

Тауар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттар қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы және атқарымы, пайдаланушыға алдын ала хабарламай, өзгертілуі мүмкін.
Тауардың өндірілген күні қаптамада көрсетілген.

